

ТЕПЕРЬ В ПОЕЗДАХ ЕСТЬ ВОЗМОЖНОСТЬ ПОДКЛЮЧИТЬСЯ К ИНТЕРНЕТУ И ПОЛЬЗОВАТЬСЯ ДОСТУПОМ К ОНЛАЙН-СЕРВИСАМ ВО ВРЕМЯ ПОЕЗДКИ. МЫ РАДЫ, ЧТО НАШИ ПЛАНЫ В РАМКАХ СОТРУДНИЧЕСТВА С КОМПАНИЕЙ EUTELSAT-ONEWEB ПО ПОДКЛЮЧЕНИЮ СПУТНИКОВОЙ СВЯЗИ УЖЕ ПРЕТВОРЯЮТСЯ В РЕАЛЬНОСТЬ.



Жаслан МАДИЕВ,  
министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК



№9 (3048)  
07/02/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ВОЗМОЖНОСТИ ЦИФРОВЫХ РЕШЕНИЙ ҚТЖ

Премьер-министр Грузии Ираклий Кобахидзе в рамках официального визита в Казахстан ознакомился с цифровыми решениями в области отечественных железнодорожных перевозок. Цифровые решения напрямую влияют не только на безопасность на стальной магистрали, но и на рост перевозок, скорость обработки документов и многое другое.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

Премьер-министры Казахстана Олжас Бектенов и Грузии Ираклий Кобахидзе совместно посетили офис АО «НК «Қазақстан темір жолы», где грузинской делегации представили внедряемые в РК цифровые решения в железнодорожной отрасли.

В ходе посещения офиса ҚТЖ Премьер-министр Грузии был ознакомлен с работой приложения «Единое цифровое окно» и «умной» системы на железнодорожном транспорте. Данные инновационные решения направлены на упрощение процедур, сокращение сроков поставок грузов и обеспечение прозрачности в сфере железнодорожной логистики.

На сегодня между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и АО «Грузинская железная дорога» установлено партнерство, способствующее укреплению транзитного потенциала и экономик двух стран. Кроме того, налажено сотрудничество в рамках совместного предприятия Middle Corridor Multimodal Ltd., направленного на развитие мультимодального сервиса Транскаспийского международного транспортного маршрута.

Стороны подтвердили намерение активизировать работу по наращиванию грузоперевозок с использованием имеющихся транспортно-логисти-



ческих возможностей, одновременно раскрывая потенциал портов и терминалов.

С каждым годом наблюдается положительная динамика перевозок с участием двух стран. В 2024 году экспорт из Казахстана в Грузию вырос на 34%, транзит через РК – на 40% по сравнению с 2023 годом. Объем перевозок между странами в 2024 году составил 4,7 миллиона тонн. В целом за последние четыре года по направлению Казахстан – Грузия перевозки выросли в девять раз, по ТМТМ – в шесть раз.

К слову, при помощи цифровых инструментов

ҚТЖ Министерство транспорта Казахстана работает над оптимизацией процессов и на внутренних перевозках грузов. Идею реализуют с помощью «Единого цифрового окна» ҚТЖ. Платформа обеспечивает взаимодействие грузоотправителей, перевозчиков и операторов грузовых перевозок железнодорожным транспортом на недискриминационной основе.

Поэтапно внедряются облачные решения, алгоритмы искусственного интеллекта, системы контроля и мониторинга подвижного состава.

Фото с сайта Primeminister.kz

## ГОТОВЫ К ДАЛЬНЕЙШЕМУ СОТРУДНИЧЕСТВУ



Председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов провел встречу с региональным старшим вице-президентом Wabtec по России/СНГ, Европы, Ближнего Востока и Африки Гоханом Байханом.

В ходе встречи стороны обсудили деятельность АО «Локомотив құрастыру зауыты», которым сейчас владеет американская компания. Основной заказчик завода – портфельная компания фонда АО «НК «Қазақстан темір жолы». На сегодня для ҚТЖ поставлено 582 грузовых, пассажирских и маневровых локомотива.

Благодаря системе закупок фонда ҚТЖ имеет возможность заключать долгосрочные офтейк-контракты с заводами, что дает казахстанским производителям гарантированный объем сбыта продукции.

Нурлан Жакупов отметил, что необходимо продолжить работу по дальнейшей локализации производства и увеличению доли казахстанского содержания на ЛКЗ.

Напомним, в ноябре 2024 года американская компания на безвозмездной основе передала ҚТЖ систему KinetiX для мониторинга и диагностики подвижного состава на базе ИИ. Запуск системы в эксплуатацию планируется в июле 2025 года.

Алинур КУДАБЕРГЕНУЛЫ

## АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ НӘТИЖЕ БЕРУДЕ



Өткен жылы машинистер жолға шыққан мал мен жанды басып кетудің алдын алу үшін 4 700-ден астам шұғыл тежегіш қолданған.

Локомотив бригадаларының сауатты әрекеттерінің арқасында 3 406 жағдайда пойыздың адам не мал басып кетуінің алдын алу мүмкін болды. Қауіп-қатердің алдын алу шараларының арқасында темір жолда жарақат алған адамдар саны да азайды.

Өткен 2024 жылы Үйлестіру кеңесінің 298 отырысы ұйымдастырылып, оған прокуратура, полиция, көліктік бақылау органдары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты. 166 мыңнан астам адамды қамтыған тұрғындармен жұмыс аясында 12 мыңнан астам жиналыс өткізілді.

«Темір жол – тек көлік жүйесі ғана емес, сонымен қатар қауіптілігі жоғары аймақ. Осыны біле тұрып көп адамның сақтық шараларын елемейтіні өте өкінішті. Бұл адамның өз өмірін, денсаулығын қатерге тігуі болып табылады. Теміржолшылар барлық аймақта профилактикалық шараларды үздіксіз жүргізіп, адамдарға жолдан өту ережелерін түсіндіріп, түрлі кездесулер, рейдтер өткізіп келеді», – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің өкілі Мурат Мусин.

Маманның айтуынша, өткен жылы өндірістік емес жарақаттанудың 75 жағдайы тіркелген. Оқиғалардың ең көбі Шымкент, Ақтөбе, Жамбыл және Ақмола жол бөлімшелерінде тіркелген.

Ислам ТАЛҒАТ



Бақытжан ДІЛІМБЕТОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет тобының жетекшісі:

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛІП ТҰРАДЫ. БЫЛТЫР ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘУЕКЕЛ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ӨЛШЕШАРТТАРЫН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ ӘЗІРЛЕНІП, БЕКІТІЛДІ. ОЛ КОМПАНИЯДАҒЫ ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЖАЙ-КҮЙІН БАҒАЛАУДЫҢ САПАЛЫҚ ДЕҢГЕМІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖАСАЛЫП ОТЫР. 2024 ЖЫЛЫ ҚТЖ-НЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ МЕН ЕНІШІЛЕС ҮЙ-ЫМДАРЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ.

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДА  
КОНТЕЙНЕРДЕГІ  
ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ

30%

ӨСКЕН.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ БАСТАЛҒАЛЫ  
БЕРІ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖЕЛІСІ  
БОЙЫНША

54 МЛН  
ТОННАҒА

ЖУЫҚ КӨМІР  
ТҰТЫНУШЫЛАРҒА  
ЖЕТКІЗІЛГЕН.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ НЫСАНДАРЫНДА  
ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ НҰҚСАН  
КЕЛТІРГЕН ОҚИҒАЛАР

36%

АЗАЙҒАН.

## Перевозки

## КАЗАХСТАН УВЕЛИЧИЛ ЭКСПОРТ ЗЕРНА

На 36% увеличился экспорт зерна нового урожая по сети ҚТЖ в страны Центральной Азии.

Айлин БАУРЖАН,  
Астана

С сентября 2024 года по январь 2025-го объем перевозок зерна нового урожая составил 6,1 миллиона тонн, что на 47% больше по сравнению с аналогичным показателем предыдущего периода. Основную часть перевезенного зерна составляют экспортные поставки, которые выросли на 53%, достигнув 4,8 миллиона тонн. Внутренние перевозки также показали положительную динамику, увеличившись на 28%, до 1,3 миллиона тонн.

Наибольшие объемы зерна были направлены в страны Центральной Азии – 2,7 миллиона тонн, что на 36% больше по сравнению с предыдущим годом. Поставки в Иран через порты Актау и Курык выросли в 29 раз, достигнув 576 тысяч тонн.

Перевозки в Россию осуществляются без ограничений. Экспорт и транзит в РФ составили более 660 тысяч тонн,

что на 94% больше по сравнению с аналогичным периодом 2023 года. В январе 2025 года железнодорожным транспортом перевезено 1,1 миллиона тонн зерна, что на 35% больше, чем в январе прошлого года. Экспорт увеличился на 36%, достигнув 839 тысяч тонн, а перевозки внутри страны возросли на 33%, составив 217 тысяч тонн.

ҚТЖ ускоряет отправку зерна нового урожая с помощью маршрутных поездов. Так, в январе 2025 года наблюдается рост экспорта в Узбекистан на 23%, Таджикистан – на 18%, Туркменистан – в три раза и Кыргызстан – в четыре раза. Перевозки зерна в Иран через порты Актау и Курык показали 23-кратный рост, достигнув 121 тысячу тонн. Транзитные перевозки через порты РФ и Прибалтики остались на уровне прошлого года с объемом 100 тысяч тонн.

Зерновые перевозки остаются приоритетом для Казахстана и находятся под постоянным контролем руководства компании. В этой связи ҚТЖ готово к



увеличению объемов перевозок зерновых грузов: инфраструктура, вагонный и локомотивный парк достаточны для вывоза заявленных грузов. В настоящее время наблюдается профицит зерновозов и крытых вагонов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ: РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

Елімізде машинажасау саласы жыл сайын қарқынның арттырып келеді. Соның ішінде теміржол машиналарын жасау саласында өткен жылы рекордтық көрсеткіш тіркелді. Қазақстандық зауыттар 124 локомотив, 2 565 жүк вагоны мен 122 жолаушы вагонын өндірістен шығарған.

Ұлан ОРАЗ,  
Астана

Әрине өндіріс көлемінің артуы өз кезінде жылжымалы құрамды жаңартуға және импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік берді. «Болашақта Қазақстан Еуразия құрлығының маңызды көлік хабына айналуы керек. Ол үшін отандық машина құрастыру сапасын жаңғыртуды, теміржол инфрақұрылымын дамытуды жалғастыру қажет» деген Президенттің тапсырмасына сәйкес машинажасау

саласы алдағы уақытта одан әрі дамып, Қазақстанның экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етергі сөзсіз. 2024 жылы темір жол машинажасау саласына 23,2 млрд теңге инвестиция салынып, жылжымалы құрамды өндіру көлемі 5 есе өскен.

Соңғы 10 жылда Қазақстанда 600-ге жуық жолаушы вагоны пайдалануға берілген. 2024 жылы 143 жаңа вагон, соның ішінде елімізде шығарылған вагондар «Қызылорда-Семей», «Астана-Көкшетау», «Павлодар-Алматы», «Павлодар-Түркістан»,

«Жезқазған-Алматы», «Ақтөбе-Атырау» және «Маңғыстау-Атырау» бағыттарында тасымалдау сапасын арттыруға мүмкіндік берді. 2025 жылы тағы 226 вагон пайдалануға беріледі деп күтілуде, бұл парктің тозу көрсеткішінен 44-тен 38%-ға дейін төмендетпек.

Сонымен қатар алдағы екі жылда Қазақстанда 3000 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 12 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Таратып айтсақ, 2025 жылы Атырау облысында жүк вагондарын шығару өндірісі басталады. Зауыттың жобалық қуаттылығы жылына 6000 бірлікті құрайды. 20 миллиард теңге инвестиция тартылатын жоба аясында 180 жұмыс орны ашылады. Биыл сондай-ақ Жамбыл облысында локомотивтерге сервистік қызмет көрсететін зауыт іске қосылады, жобалық қуаты – жылына 50 бірлік. Солтүстік Қазақстан облысында платформалық вагондар мен жолаушылар вагондарын шығару, сондай-ақ тез бұзылатын жүктерді тасымалдауға ар-

налған термос вагондарын шығарудың екінші кезеңі басталады. Сонымен қатар биыл Қарағанды облысында дөңгелек жұптары мен Атырауда локомотивтердің тіреу бөренелерінің өндірісі басталады деп күтілуде. Ал 2028 жылға қарай Қазақстанда жаңа буындағы жүк электровоздары пайда болады, оларды өндіру 40%-ға арзанырақ және қолданыстағы үлгілерге қарағанда 20%-ға тиімдірек болады деп болжануда.

Машинажасау саласындағы өзекті мәселенің бірі – импортқа тәуелділікті жою десек, бүгінгі таңда Қазақстанның теміржол машина жасау саласында отандық өнім үлесі 70%-ға дейін жетті. Жаңа кәсіпорындардың көптеп ашылуы локомотивтер мен вагондарды, олардың болшектерін өндіруге мүмкіндікті арттыра түсетіні даусыз. Сонымен қатар машинажасау саласына қажетті мамандарға да сұраныс артып келеді. Олардың орташа жалақысы бүгінгі таңда 440 мың теңгені құрайды.

№9 (3048) 07/02/2025

## ДАЙЫНДЫҚТЫ БАСТАДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе

Ақтөбеде төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен алдағы су тасқыны және тілсіз жаудан сақтанудың өзекті мәселелері талқыланды.

Шараға облыстағы осы салаға жауапты барлық мекеме, соның ішінде темір жолдағы өрт қауіпсіздігі қызметінің өкілдері де қатысты. Кеңес отырысында су тасқынының алдын алу, дайындық жұмыстары көтеріліп, ұсыныстар тыңдалды.



Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаевтың айтуынша, өртке қарсы қызметіне қарасты жасақтар теміржол бойындағы 1512 км аумақты тілсіз жаудан қорғау миссиясын абыроймен атқарып келеді.

«Бүгінгі таңда жазға дайындық жұмыстары жүруде. Жоспарға сай арнайы тексерулер тұрақты өтеді. Өткен жылы өрт сөндіру пойыздарының, ТЖД және теміржол мекемелерінің қатысуымен 27 оқу-жаттығу жиыны өтті. Теміржол аумағында 2618 тексеріс жүргізіліп, нәтижесінде 2404 өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылуы анықталды. Инспекторлар мекеме басшыларына 161 ескерту жолдады», – деді Әділ Құбаев.

Өртке қарсы қызмет инспекторлары жылжымалы құрамдарды жылына кемі екі рет тексеруге міндетті. Бұл жұмыстар қауіпсіздікті арттырады. Мамандардың айтуынша, өрттің шығу себептері негізінен тоқ жүйесінің ережеге сай болмауынан болады. Яғни қысқа тұйықталу, электр қуатының шамадан тыс жүктелуі электрқыздырғыштарды қараусыз қалдыру жағдайлары үнемі бақылауда болу керек.

Суретті түсірген автор

## ҒИМАРАТТАР ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Атырау магистральдық желі бөлімшесі ғимараттарды жөндеу жұмыстары бойынша өндірістік бағдарламасына сәйкес быттыр 15 ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Вокзал шаруашылығы бөлімінің бастығы Айбек Қуанышевтың айтуынша, ол үшін «Теміржолсу-Ақтөбе» мекемесімен 262 млн 786 мың теңгеге келісімшарт жасалтылып, қазіргі таңда аталмыш жұмыстар толық көлемде аяқталған. «Атап айттар болсақ, ЭЧ-4 Атырау бойынша – 6 ғимарат, ПЧ-9 Атырау – 5, ПЧ-11 Құлсары – 1, ПЧ-8 – 1, ПЧ-9 Ақжайық – 1, ПЧ-11 Құлсары – 1 ғимарат жөндеуден өтті. Ал Атырау вокзалының сыртқы келбетін жөндеу жұмыстары қалалық әкімдіктің қаражатымен жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда онда вокзал алды абаттандырылып, ЛЭД-экран орнатылып, басқа да жұмыстар жүргізілу үстінде», – дейді Айбек Қуанышев.

Сонымен қатар бөлімше бойынша жол жағдайын жақсарту және инфрақұрылымды дамыту мақсатында эксплуатациялық бюджеттен бөлінген 25 951 660 мың теңге толықтай игеріліп, ол 102 пайызға орындалған. 2024 жылы жолды күтіп баптау жоспары 63 балл болса, орындалуы 50 балды құрады. 2023 жылмен салыстырғанда жолдың жағдайы 9 балға жақсартылған.

## ТЕМІРЖОЛШЫНЫҢ КИІМІ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Жуырда Семей ЖТ бөлімшесінде ерекше жиын өтті. Онда теміржолшылардың жұмыс киімі үлгісі талқыланды. Аталмыш шараға киім үлгісін жобалаушылар да арнайы шақырылды. Мақсат – жергілікті теміржолшылар мен сала мамандарының пікір-ұсыныстарын тыңдау, сол арқылы биыл әзірленетін қызметтік киімдер үлгісіне өзгерістер енгізу.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Басқосуға желі бойынан келген қарапайым жұмысшылар, кәсіподақ ұйымдары төрағалары, еңбекті қорғау инженерлері қатысты. Айта кетерлігі, дәл осындай шара бұған дейін Маңғыстау және Шымкент бөлімшелерінде өткізіліпті. Ал күрделі климаттық белдеуде орналасқан, ауа райында елеулі ерекшеліктер бар Семей магистральдық желі бөлімшесі қызметкерлері не айтады? Бұл орайда сөз алған астаналық мейман, қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің бастығы Бейбіт Ахметов семейлік теміржолшылар пікірінің маңызды екенін айтып өтіп, ашық далада, желдің өті, күннің көзінде жүретін жолшылар, байланысшылар, электр монтерлары мен машинистер қауымына сөз кезегін ұсынды.

Күні бойы өткен талқылау, пікірталас барысында ортақ тоқтам жасалды. Атап айтсақ, қыстық қызметтік күрте екі бөлек әзірленгені абзал, екеуінің де бас киімге шақ келетін құлапарасы болғаны ләзім. Ал қазіргі күрте-лердің кашпоны қасканың үстінен киюге арналғандықтан тым қолайсыз, бетті жауып кетеді. Сонымен қатар жолшылар үшін рация салуға арналған сыртқы тесқалтаның қажеті жоқ. Оған ұялы телефон салып, пойыздың астына түсіріп алған жағдайлар жиі тіркелген. Айтылған пікірлерді тыңдаған астаналық



меймандар киім үлгісін әзірлеуде теміржолшылар ұсыныстары толық ескерілетінін, алайда мемлекеттік стандарттар қатаң сақталатынын жеткізді. Мәселен, электр монтерлары үшін киімдерге темір кнопкалардың орнына жай түймелер салынады. Бұл қауіпсіздік үшін қажет. Жиын барысында сала қызметкерлері тарапынан айтылған тағы бір өтініш апельсин түсті қызметтік киім түсіне өзгеріс енгізу болды. Жолшылар қауымының айтуынша, желі бойындағы жұмыстар кезінде қанық түс қауіпсіздік үшін аса қажет болғанымен тым тез кірлейді. Сонымен қатар бірнеше рет жуған соң түсі тез өңіп, көнетоз көрінеді екен. Киім әзірлеушілер бұл ұсыныстың ескерілетінін

жеткізді. Сондай-ақ ендігі аралықта қызметтік киімнің матасына да өзгерістер енгізілмек. Атап айтсақ, киім материалы 60 пайыз таза мақтадан, 40 пайыз синтетикалық полиэстер талшықтарынан тұратын болады. Бұл бүкіл әлемде қолданылатын сапа, киімге төзімділік және ыңғайлылық сынды жағымды қасиеттер береді.

Жиын барысында қызметтік киімдердің жауын-шашыннан қорғаныш қабілеті, қимыл-қозғалысқа ыңғайлылығы мен ыстықта терлетпейтіні қызу сөз болды. Сондықтан кейбір ұсыныстар қабылданбады. Мысалы, жолшылар қауымының жаздық аяқ киім – бәтеңкені ұсақ тесіктері болса деген ұсыныстары қауіпсіздік талаптарына қайшы келетін болып шықты.

Аталмыш басқосуға арнайы келген «КТЖ-ЖТ» ЖШС Жабдықтау департаментінің бас менеджері Ербол Темірбековтің айтуынша, келесі жиын Көкшетауда өткізілмек.

– Теміржолшылардың арасында жүріп сау-алнама өткізудің маңызы зор. Иә, қызметтік киімдерге байланысты шағымдар бар. Жағымды пікірлер де жоқ емес. Қызметтік киім оны әзірлеушілер үшін кабинетте отырып даярлай салатындай оңай мәселе емес. Сондықтан мемлекеттік стандартқа қайшы келмесе, барлық пікір-өтініштер алдағы уақыттары әзірленетін киім үлгілеріне енгізіледі, – дейді Ербол Ғалымжанұлы.

Суретті түсірген автор

## МАНКЕНТ – ШЫМКЕНТТІҢ ҚАҚПАСЫ



Пойыз оңтүстіктегі мегаполис қала Шымкентке жақындағанда Манкент станциясына аялдайды. Бейне бір қалаға кірер қақпа сынды. Сайрам ауданының орталығы, табиғаты көркем, халық тығыз қоныстанған Ақсукеңте орналасқан станцияда қозғалыс өте жиі.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,  
Шымкент

Бүгінде Манкент станциясында, яғни Ақсукеңте 25 мыңға жуық адам тұрады. Ал Ақсукеңте-1 мен Ақсукеңте-2 ықшамданының аралығындағы теміржол өткелі арқылы әрі-бері қатынайтын адамдардың орташа тәуліктік көрсеткіші 500-700 адамды құрайды. Темір жолдың қауіпті аймақ екені ескеріліп, станция аумағына жүргізушілерге арналған бір емес, екі жаяу жүргізушілер көпірі салынған. Алайда, жергілікті тұрғындар тарапынан осы қос көпір де тиімді пайдаланылмай келеді.

– Адамдар көпір арқылы қауіпсіз өтудің орнына темір жолды кесіп өтіп, өз өміріне де, өндірістік қызмет үдерісіне де көп зиянын тигізуден тыйылмай-ақ келеді. Осы мақсатта біз тиісті нұсқаулық бойынша әрекет етіп, азаматтарға ескерту мен хабарландыру парақшаларын таратып, жақын маңда тұратын тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеміз. Мектеп пен мекемелерге барып, арнайы кездесулер ұйымдастырудамыз. Бірақ жергілікті тұрғындар тарапынан қауіпті аймақтан өтудің тәртібін қатаң сақтаудың орнына оңай жолмен жүрер деп оңбай қап жатқандар жоқ емес. Мәселен, соңғы екі жыл ішінде станция аумағында жергілікті

тұрғындардың қатысуымен 5 оқиға тіркеліп, оның екеуі қайғылы жағдаймен аяқталды. Ал үш адам айдың-күннің аманында мүгедектер арбасына таңылды, – дейді станция бастығының еңбек қауіпсіздігі бойынша орынбасары Асхат Ақберді.

Оқыс жағдайлардың орын алуы адамдардың өз өміріне немқұрайлы қарауының салдары екені сөзсіз. Ал теміржолшылар қоғам арасында қауіпті аймақ жайлы айтарлықтай дабыл қағумен келеді. Соқырға таяқ ұстатқандай ескерту тақтайшалары да ілінген. Бірақ азаматтардың санасы селт етер емес.

– Сондықтан біз жергілікті әкімдікке қарасты мекемелерге Ақсукеңте-2 елдімекені маңындағы 1 700 метр шамасындағы теміржол жиегіне арнайы қоршау орнату мәселесін көтеріп, хат жазып, қолдау күтудеміз, – дейді станция бастығы Қуаныш Наурызбайұлы.

Бүгінде Қуаныш Табеев жетекшілік ететін Манкент станциясында 22 адам еңбек етеді. Мекеменің өткен жылы көрсеткіштерін талдасақ, станцияның жылдық вагон айналымы 40 459 вагонды құраған. Оның ішінде 868 вагон өңделіп, 39 591 вагон транзит санатында өткен. Сол сияқты 19 959 вагон жергілікті вагон ретінде түйық жолға кіргізіліп, жүк түсірілген. Сөйтіп жоспар көрсеткіші 122 пайызға асыра орындалған. Ал 1 051 вагонға жүк



тиеліп, жөнелтілген. Осылайша манкенттік теміржолшылар жыл бойы станцияға 1 178 жүк пойызын қабылдап, 1 337 жылжымалы құрамды құрастырып, жолға салған.


Айта кету керек, кейде станция аумағына кірген вагонның өңделу процесіне қызметті пайдаланушы клиенттер тарапынан кедергі де болып жатады. Айталық, жаңа жылдың алдында Манкент станциясы Беларусьпен келген жүк вагондарын қабылдаудан бас тартқан. Мұндай шешім қабылдауға жиһаз ағаштарын тасымалдаумен айналысатын компанияның қоймасы затқа толып тұруы себеп болған көрінеді. Яғни вагондағы жүкті түсіретін орын болмаған. Сөйтіп Беларусь елінен келген 51 жабық вагон іргелес орналасқан Ынтымақ станциясындағы түйық жолға қойылған. Соның салдарынан Манкент станциясының желтоқсан айындағы жоспар орындау көрсеткіші төмендеген. Әрине, станция басшылығы қызметтік хат жазу арқылы мәселені шеше білген. Үшінші мегаполис қақпасы атанған Манкент станциясының ұқымы бүгінде ағымдағы жылға міндеттерді іске асыруға кіріскен.

Суретті түсірген автор

## Шекті бағада жазылған инвестициялық бағдарламаны орындау немесе орындамау туралы «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің 2024 жылғы 1 қазаннан 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең бойынша жартыжылдық ақпарат БСН 031 040 001 799 49200 (ЭҚЖС бойынша қызмет түрі)

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы	Кім бекіткен (бұйрықтың күні, нөмірі)	Іс-шараның атауы	Инвестициялық бағдарламаны іске асыру жылдары	1.10.2024 ж. бастап 30.09.2025 ж. дейінгі тарифтік жыл үшін іс-шараның, инвестициялық бағдарлама объектісінің шекті бағада ескерілген жоспарлы параметрлері (көрсеткіштері)				Іс-шараның, инвестициялық бағдарлама объектісінің шекті бағада ескерілген (тоқсан сайын, өспелі қорытындымен) орындалуы, нақты параметрлері (көрсеткіштері)				Жоспарға фактіні қабылдау (+, -)	Ауытқу себептері		
					1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлер	Өлшем бірлігі	Инвестиция сомасы	Инвестиция көзі	Өлшем бірлігі			Техникалық параметрлер	Өлшем бірлігі
1	Барлығы	ҚР Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (ТМРҚ) 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №32-08-03/1161 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2024 жылдың 1 қазаннан бастап қолданыста. Инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп 2023 жылдың 1 қарашасынан 2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін 17.10.2024 ж. №ПП/7031-и хатымен ТМРҚ-не жіберілді	Локомотивтерді сатып алу	2024 жылғы 1 қазаннан 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін	бірліктер	44	мың теңге	129 279 407	барлығы оның ішінде	бірліктер	34	мың теңге	97 174 260	барлығы оның ішінде	-10	-37 105 147
							мың теңге	69 887 048	меншікті қаражаты			мың теңге	17 073 247	меншікті қаражаты		-52 813 801
							мың теңге	59 392 359	қарыз қаражаты			мың теңге	75 101 013	қарыз қаражаты		15 708 654
1	КЗ8А сериялы жүк электровоздарын сатып алу	ҚР Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (ТМРҚ) 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №32-08-03/1161 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2024 жылдың 1 қазаннан бастап қолданыста. Инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп 2023 жылдың 1 қарашасынан 2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін 17.10.2024 ж. №ПП/7031-и хатымен ТМРҚ-не жіберілді	Локомотивтерді сатып алу	2024 жылғы 1 қазаннан 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін	бірліктер	32	мың теңге	98 477 505	барлығы оның ішінде	бірліктер	8	мың теңге	26 647 893	барлығы оның ішінде	-24	-71 829 612
							мың теңге	39 085 146	меншікті қаражаты			мың теңге	440 868	меншікті қаражаты		-38 644 278
							мың теңге	59 392 359	қарыз қаражаты			мың теңге	26 207 025	қарыз қаражаты		-33 185 334
2	ТЭЗ3А сериялы жүк тепловоздарын сатып алу	ҚР Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (ТМРҚ) 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №32-08-03/1161 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2024 жылдың 1 қазаннан бастап қолданыста. Инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп 2023 жылдың 1 қарашасынан 2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін 17.10.2024 ж. №ПП/7031-и хатымен ТМРҚ-не жіберілді	Локомотивтерді сатып алу	2024 жылғы 1 қазаннан 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін	бірліктер	12	мың теңге	30 801 902	барлығы оның ішінде	бірліктер	26	мың теңге	65 526 367	барлығы оның ішінде	14	34 724 465
							мың теңге	30 801 902	меншікті қаражаты			мың теңге	16 632 379	меншікті қаражаты		-14 169 523
							мың теңге		қарыз қаражаты			мың теңге	48 893 988	қарыз қаражаты		48 893 988

## НЕ ЗАСТАНЕТ ВРАСПЛОХ



**В Карагандинском регионе ведется активная подготовка к паводковому сезону. Своевременные действия позволят минимизировать риски подтопления железнодорожных станций и населенных пунктов области.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

По словам главного ревизора департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбека Альмуразаева, на сегодняшний день разработаны организационно-технические мероприятия, которые гарантируют сохранность и устойчивую работу пути, искусственных сооружений, земляного полотна в период половодья, кроме того, составлен перечень особо опасных мест, установлены устройства связи и освещения на случай осложнения паводковой обстановки.

В настоящее время выполнено более 180 мероприятий – возведено и укреплено 65 километров защитных дамб и валов, проведена санация более 18 километров паводкоопасных участков русел рек, очищено 26 километров дренажных и водоотводных систем. Также в Карагандинском регионе

формируется резерв материально-технических и финансовых средств, ГСМ, продовольствия, инертного материала и мешкотары.

Работы, направленные на очистку водопропускных труб и колец, нарезке каналов и траншей, а также по расчистке автоматических паводковых водосбросов будут начаты уже в этом месяце.

По предварительным расчетам синоптиков, высокий риск подтопления имеют следующие районы: Бухаржырауский, Актогайский, Каркаралинский. Средний риск присвоен двум районам – Осакаровскому и Нуринскому. В вышеуказанных местах дислоцируются железнодорожные станции и узлы. Таким образом, этим объектам будет уделено особое внимание. В свою очередь, низкий риск половодья наблюдается в Абайском и Шетском районе. Однако руководство Карагандинского отделения магистральной сети постоянно держит руку на пульсе.

По мере оттаивания земляного полотна



работники Карагандинского отделения магистральной сети (НЖС-4) осуществляют завоз балласта, щебня на участки путей, которые подверглись деформации.

Ко всему прочему, в период паводка будет организовано круглосуточное дежурство работниками дистанций пути и опытными монтерами. В особо опасных местах они проведут дополнительные обходы и объезды с целью контроля за проходом паводковых вод под мостами, а также проверят целостность сооружений. В настоящее время локомотивные бригады уже ознакомлены с перечнем особо уязвимых мест.

По окончании пропуска паводковых вод по указанию департамента пути и сооружений неиспользованные материалы будут направлены на выполнение плана по капитальному ремонту искусственных сооружений и земляного полотна.

**Светлана МОГАЙ,** Караганда  
Фото автора

## ДЛЯ ДВИЖЕНИЯ БЕЗ ПРЕПЯТСТВИЙ



**В течение трех дней на станции Оскемен-1 в целях надлежущей и своевременной очистки станционных путей от снега созданы специальные бригады. Соответствующий приказ издал заместитель директора Семейского отделения грузовых перевозок Марат Уалиев.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Согласно документу, спецбригады организованы из числа смежных служб. В резервный список по второй очереди вошли работники станции Оскемен-1, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо и ВЖДО, Семейской дистанции электроснабжения и «Вагон-Сервис», Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, вокзала станции Оскемен-1 и филиала АО «Қазтеміртранс»,



Оскеменской дистанции пути.  
Как информировал начальник станции

Оскемен-1 Даулет Библов, в первый день, 4 февраля, проводилась уборка снега возле поста ЭЦ станции Оскемен-1. Были задействованы две снегоочистительные машины СМ, в очистке путей участвовали 85 человек – работники станции Оскемен-1 и всех смежных служб. Питание в обеденное время для бригады, занятой на очистке, организовал профсоюз. 5 февраля по плану велась снегоборьба в районе поста МВ-1 приемоотправочного парка «Северный», 6 февраля – в районе поста № 2 приемоотправочного парка «Южный».

Фото автора

## ЗНАНИЯ ЗАКРЕПИЛИ НА ПРАКТИКЕ



**В учебном центре АО «НК «Қазақстан темір жолы» прошел семинар, посвященный вопросам противодействия преступлениям и правонарушениям на железнодорожном транспорте.**

**Любовь РОВБА,**  
Астана

Организатором мероприятия стал департамент полиции на транспорте. В его работе приняли участие заместитель министра внутренних дел РК Санжар Адилев, представители АО «НК «КТЖ», преподаватели и студенты столичных вузов, а также руководство и следственно-оперативные службы департамента полиции на транспорте.

В своем приветственном слове Санжар Адилев остановился на приоритетных зада-

чах, поставленных Президентом РК перед органами внутренних дел, в частности, противодействию криминалу, пресечению бандитизма и обеспечении неукоснительного исполнения принятых законов.

Сотрудники следственного управления провели для студентов практическое занятие на улице по осмотру места происшествия по факту наезда железнодорожным транспортом, а также убийства. Задействовали для показательного расследования дроны.

Криминалисты продемонстрировали современную криминалистическую технику и



приборы, предназначенные для обнаружения, изъятия и фиксации следов преступления. А кинологи и сотрудники управления по противодействию наркопреступности показали свою работу по обнаружению запрещенных предметов служебно-розисскими собаками, а также подробно рассказали о нарко- и киберпреступности. В завершение обучающего мероприятия заинтересованным студентам вручили именные приглашения на службу в органы внутренних дел.

Фото автора

## НЕ СНИЖАЯ ТЕМПА

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



**В Костанайском отделении ГП в январе продолжили успешно производить отгрузку вагонов.**




Как сообщил начальник отдела логистики Костанайского отделения грузовых перевозок Кенес Дюсекеев, всего в январе погружено 33 707 вагонов (2 миллиона 211,9 тысячи тонн). В среднем в сутки отгружалось 1 087 вагонов (71,4 тысячи тонн).

В том числе по основной номенклатуре: руды железной – 9 242 вагонов (621,5 тысячи тонн), зерна – 4 058 вагонов (269,9 тысячи тонн), продуктов перемола – 1 783 вагонов (118,7 тысячи тонн).

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ОТ СЛОВ К ДЕЛУ

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Астана



**Завершить работу по реализации соглашения о применении навигационных пломб для отслеживания перевозок поручено представителям стран ЕАЭС на заседании Евразийского экономического совета.**

В марте на очередном заседании экспертной группы участники представят предложения по дальнейшему развитию проекта. Завершить работу по реализации соглашения и проинформировать евразийскую комиссию необходимо до 31 мая 2025 года. Претворение в жизнь подходов уже стартовало в России и Беларуси.

Сегодня на долю евразийских транспортных коридоров приходится около 70% объема транзитных перевозок в ЕАЭС, поэтому важна синхронизация в развитии национальных участков каждой из стран, отмечалось на Евразийском экономическом совете в Алматы.

– Евразийские транспортные коридоры – это основа транспортной инфраструктуры в союзе, обеспечивающие формирование единого транспортного пространства и развитие транзитного потенциала ЕАЭС, – отметил министр по энергетике и инфраструктуре ЕЭК Арзыбек Кожошев.

Участники заслушали Доклад о мероприятиях стран ЕАЭС по развитию железнодорожной, автомобильной и портовой инфраструктуры, входящей в евразийские транспортные коридоры.

В нем отмечено, что в соответствии с принятыми стратегическими документами страны «пятерки» проводит активную работу по развитию евразийских транспортных коридоров и маршрутов. При этом государства ЕАЭС принимают меры по синхронизации совместных усилий для «расшивки» участков с ограниченной пропускной способностью.

– Тесные торговые и транспортные связи между странами ЕАЭС содействуют экономическому росту каждой из них. В этих условиях возрастает значимость евразийских транспортных коридоров как основного фактора в обеспечении внешней торговли, – уверен Арзыбек Кожошев.

Результаты озвученного на заседании анализа планируется использовать в последующей работе.

### Полугодовая информация ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»

**об исполнении либо неисполнении инвестиционной программы (проекта), учтенной в предельной цене БИН 031 040 001 799 49200 (вид деятельности по ОКЭД) за период с 1 октября 2024 года по 31 декабря 2024 года**

№	Наименование показателей инвестиционной программы (проекта)	Кем утверждена (дата, номер приказа)	Наименование мероприятия	Годы реализации инвестиционной программы		Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене за тарифный год с 1.10.2024 г. по 30.09.2025 г.					Исполнение, фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене (ежеквартально, с нарастающим итогом)					Отклонение факта к плану (+,-)	Причины отклонения							
				1-е полугодие	2-е полугодие	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций									
																		факт за	тарифный период с 1.10.2024 г. по 31.12.2024 г.	факт за	тарифный период с 1.10.2024 г. по 31.12.2024 г.			
	Всего:	Утверждена Инвестиционная программа письмом КРЕМ МНЭ РК №32-08-03/1161-и от 10.09.2024 г., действующая с 1 октября 2024 г. Отчет по исполнению инвестиционной программы с 1 ноября 2023 г. по сентябрь 2024 г. ранее направлялся письмом в КРЕМ исх. ГП/7031-и от 17.10.2024 г.	Приобретение локомотивов	с 1 октября 2024 г. по 30 сентября 2025 г.	ед.	44	тыс. тенге	129 279 407	всего в т.ч.	ед.	34	тыс. тенге	97 174 260	всего в т.ч.	-10	тыс. тенге	- 37 105 147							
		тыс. тенге					69 887 048	собственные				тыс. тенге	17 073 247	собственные			тыс. тенге	- 52 813 801						
		тыс. тенге					59 392 359	заемные				тыс. тенге	75 101 013	заемные			тыс. тенге	15 708 654						
1	Приобретение грузовых электровозов серии КЗ8А								ед.			32	тыс. тенге	98 477 505		всего в т.ч.		8,0	тыс. тенге	26 647 893	всего в т.ч.		тыс. тенге	- 71 829 612
													тыс. тенге	39 085 146		собственные			тыс. тенге	440 868	собственные		тыс. тенге	- 38 644 278
													тыс. тенге	59 392 359		заемные			тыс. тенге	26 207 025	заемные		тыс. тенге	- 33 185 334
2	Приобретение грузовых тепловозов серии ТЭЗЗА				ед.	12	тыс. тенге	30 801 902	всего в т.ч.		26	тыс. тенге	65 526 367	всего в т.ч.		тыс. тенге	34 724 465							
							тыс. тенге	30 801 902	собственные			тыс. тенге	16 632 379	собственные		тыс. тенге	- 14 169 523							
									заемные			тыс. тенге	48 893 988	заемные		тыс. тенге	48 893 988							

№9 (3048) 07/02/2025

## БУХГАЛТЕРИЯ – ТОЖЕ ИСКУССТВО

**Точные и скрупулезные расчеты по осуществлению финансовых операций – это тоже искусство. На протяжении многих лет эту работу осуществляла бухгалтер расчетного стола Жанааркинской дистанции пути Дарига Бабасова. На днях коллеги проводили ее на заслуженный отдых.**



Дарига Бабасова родилась и выросла в многодетной семье. – Мой папа – учитель, а мама – бухгалтер. После школы я окончила Жамбылский технологический институт легкой и пищевой промышленности и Карагандинский финансовый институт по специальности «бухучет и аудит», – рассказывает она. – Свою трудовую деятельность начала преподавателем спецдисциплин в городе Жезказгане. Отработав

три года, перевелась в районный акимат Жанааркинского района в экономический отдел, а затем стала работать в бухгалтерии. С 2001 года трудилась бухгалтером расчетного стола.

Вместе с супругом Ризабеком они воспитали троих детей. Старшие дети живут отдельно и имеют свои семьи, а младшая дочь в прошлом году окончила школу с золотой медалью и поступила в Евразийский национальный

университет в городе Астане, где учится на преподавателя английского языка. Девушка является руководителем музыкального оркестра DalaSazy.

– Очень жаль расставаться с таким замечательным и дружным коллективом, который стал моей второй семьей. В нашей дистанции пути трудятся более 400 человек, которые ответственно относятся к своей работе, участвуют в различных спортивных мероприятиях. Опытные сотрудники передают свои знания молодежи. После выхода на заслуженный отдых они спокойны за них, так как уверены в том, что все навыки будут применены в деле.

Дарига Бабасова поблагодарила профсоюзный комитет за организованность и слаженность в работе, а также за солидарность и корпоративный дух, который царит в коллективе.

**Светлана МОГАЙ, Караганда**

## Еңбек адамы

**Машинист – теміржол көлігіндегі маңызды тұлға. Жүздеген жолаушы мен мыңдаған тонна жүктің тағдырына жауапты кәсіп иесінің жұмысын мойнына алуға екінің бірі тәуекел ете бермейді. Сондықтан осынау мәртебелі мамандықты меңгеріп, өз міндетін абыроймен атқарып жүрген машинист еңбегін қалай дәріптесек те жарасады.**



## ТЕПЛОВОЗДЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН...

Құрық порты станциясында маневрлік тепловоз машинисі болып еңбек ететін Қуатбай Абатаев 34 жылдан бері локомотив шаруашылығында тер төгіп келеді. Тепловоз оның сенімді серігі ғана емес, жан досына айналғалы қашан. Досын аялап, онымен сырласып, баптаған сайын ол да жүзін жерге қаратпай, жарауы келіскен тұлпардай зулайтынын өз тәжірибесінен ұққан ағамыз тепловоздың тілін тапқан жан.

Маңғыстау локомотив пайдалану депосының 2-классты тепловоз машинисі Қуатбай Нұрадинұлы 1969 жылы Қарақалпақстанда туған. Германияда әскери борышын өтеп келген 1990 жылы теміржолдағы еңбек жолын бастайды. Сол кездегі Орта Азия теміржолының Кунград локомотив депосына қарасты Жаслық айналым депосына тепловоз жөндеуші болып орналасады. Жас жігіт ТҚК-2 цехында тепловоздарды жөндеумен айналысатын ұсталардан үйреніп, отарбаның қыр-сырын толық меңгереді. Шаруаға ширақ елгезек жас көп ұзамай машинист көмекшісі болады. Ал арада бірнеше жыл өткенде басшылықтың ұйғаруымен арнайы курсты бітіріп, тепловоз тізгіндеді. Еңбек ете жүріп Ташкент теміржол институтының «Локомотив» факультетін сырттай оқып бітіріп, жоғары білім алады. Шеберлігін жетілдіріп, екі рет біліктілік курсынан өтеді.

2005 жылы атамекенге бет бұрған бір топ кандатармен түбекке оралып, Маңғыстау локомотив пайдалану депосында тепловоз машинисі болып еңбек жолын жалғастырады. Бірнеше жылдан кейін басшылық тәжіри-

белі машинисті ТҚК-2 цехының сапа жөніндегі инженері етіп тағайындайды. Сосын аға локомотив қабылдаушы болады. 2018 жылы қайтадан тепловоз тізгінін алып, Маңғыстау – Сайөтес, Маңғыстау – Жаңаөзен станциялары аралығына жүк пойыздарын тасымалдай бастайды. Ал соңғы бірнеше жылдан бері Құрық порты станциясында маневрлік жұмыстарды атқаратын машинист.

Вагондарды әрі-бері тасымалдап, сұрыптау жұмыстарына жегілген маневрлік локомотивтерді қазір бір адам басқарады, яғни алып техниканы машинистің бір өзі жеке дара жүргізеді. Ол пойыз құрастырушымен өзара түсінісіп, бір ырықта жұмыс істейді. Вагондарды сұрыптау ісін асықша иіру маневрлік машинистің тәжірибесі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Осындай ерекшелік Қуатбай Нұрадинұлының бойынан табылып, депо басшылығымен ұсталардан үйреніп, отарбаның қыр-сырын толық меңгереді. Шаруаға ширақ елгезек жас көп ұзамай машинист көмекшісі болады. Ал арада бірнеше жыл өткенде басшылықтың ұйғаруымен арнайы курсты бітіріп, тепловоз тізгіндеді. Еңбек ете жүріп Ташкент теміржол институтының «Локомотив» факультетін сырттай оқып бітіріп, жоғары білім алады. Шеберлігін жетілдіріп, екі рет біліктілік курсынан өтеді.

– Отбасында 7 ұл, 2 қыз – топырлаған тоғыз бала тату-тәтті өстік. Үлкен ағам Базарбаймен арамды біраз жас, біз бала болғанда ол оқуын бітіріп, жұмысқа тұрды. Машинистің формасын киіп келгенде қатты қызығатынымын. Әскерден келгесін мен де теміржолшы боламын деп ағам еріп депоға бардым. Содан бері осы саладамын, темір жолсыз өмірімді елестете алмаймын. Қан-

ша қиын болса да жұмысым өзіме қызық, ұнайды. Әзірбайжаннан, Ресейден келген паромдардағы жүктерді түсіріп, тиеуді қамтамасыз етеміз. Кеме де әртүрлі, 40-45 вагоннан да болады. Паромның ішінде төрт темір жол бар, келген вагондарды сонымен екі жақтан екі тепловозбен шығарамыз. Бір ауысымда қос тепловозда қос машинист күніне 12 сағат жұмыс істейміз. 24 сағат демалып, қайтадан түнгі ауысымға шығамыз. Құрық порты станциясында сегіз машинист солай ауысыммен жұмыс істейміз. Күніне орта есеппен екі паром келіп-кетеді. Оған бір тиегенде ауыр болса екі, жеңілдеу жүк болса, төрт вагоннан кіргіземіз. Сөйтіп бір кемеңі жөнелту үшін жеті-сегіз рет қатынаймыз. Бұрын оншақты вагонды бірден беретін едік, қазір теңіз суының денгейі түскендіктен вагондарды аз-аздан бірнеше рет апаруға тура келеді, – деді Қуатбай ағамыз теміржол жұмысының біз білмейтін қыр-сырын бөлісіп.

Жастау кездері футбол ойнау хобби болған екен. Бүгінде бағбандықты ермек етеді. Үйінің алдында бау-бақшаға айналдырып, қарыстай жер болса да бабын тауып пайдаланып, жазымен бірнеше рет өнім алатын көрінеді. Отбасын жаздан қоңыр күзге дейін көкөністер мен жемістерге қарық қылып, өз ауласынан түрлі өнім жинайды. Ал жолдастары отбасылық отырыстарда гитара шертіп, ән салатын керемет өнері бар деп мерейлі машинистің мақтауын одан әрі асырды.

**Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау**

*Суретті түсірген автор*

## В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

**В ЛОП на станции Павлодар прошло практическое занятие по осмотру мест происшествий.**

Практическое занятие для личного состава провел заместитель начальника ЛОП майор полиции Досжан Оразбаев с участием приглашенного специалиста – инструктора по автотормозам и буксовому узлу Екибастузского эксплуатационного вагонного депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» Бауржана Асаинова.

Основное внимание было уделено вопросам качественного осмотра мест происшествий в случаях наезда на посторонний лиц и кражи грузов. Заместитель начальника ЛОП подробно



разобрал алгоритм действий сотрудников, отметил ключевые аспекты фиксации улик и доказательств, важность оперативного реагирования. Специалист КТЖ подробно рассказал об особенностях конструкции вагонов, что позволяет сотрудникам полиции эффективнее проводить осмотр

и выявлять возможные следы преступлений.

Такие занятия повышают уровень подготовки сотрудников и совершенствуют их профессиональные навыки в работе на железнодорожном транспорте.

**Айдана ЕРТАЙ, Павлодар**  
*Фото автора*

## С ЗАБОТОЙ О БУДУЩЕМ ПЛАНЕТЫ

**На 2,2% снизились выбросы загрязняющих веществ в атмосферу по АО «НК «Қазақстан темір жолы» в 2024 году.**

Вопросам экологии в компании уделяется особое внимание – реализуются мероприятия по снижению негативного воздействия на окружающую среду, формируется экологическая культура, специалисты, ответственные за природоохранную деятельность, каждый день ведут работу по поддержанию и улучшению экологической безопасности на предприятиях.

По итогам 2024 года отходы производства и потребления по АО «НК «КТЖ» уменьшились на 1,5% по сравнению с предыдущим

В рамках проекта сегрегации отходов в минувшем году переработано более 102 тысяч килограммов материалов, включая макулатуру, пластик, отработанные автомобильные шины и аккумуляторы. На утилизацию отправлено свыше 34,8 тысячи килограммов аккумуляторных батареек, более 12,4 тысячи килограммов отработанной оргтехники и около 12 тысяч килограммов автомобильных шин.

С помощью установленных на вокзалах и в административном здании КТЖ фандоматов было

передано для переработки и утилизации более 100 тысяч пластиковых бутылок и жестяных банок.

Выбросы загрязняющих веществ в атмосферу снизились на 2,2%. Кроме того, в 2024 году компании, воспользовавшиеся сервисами совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА», способствовали декарбонизации экономики как минимум на 305,7 тонн CO<sub>2</sub>.

Отметим, что перевозки по железной дороге в пять раз экологичнее морских, в 26 раз – автомобильных и в 289 раз экологичнее, чем авиаперевозки.  
**Махаббат НЕГЕМБАЕВА**

## ЛЫЖЕМНЕ ВСЕ ВОЗРАСТЫ ПОКОРНЫ



**Цехком Илецкой дистанции сигнализации и связи Илецкого железнодорожного участка для семей работников предприятия организовал лыжную прогулку в сосновом бору – излюбленном месте отдыха горожан.**

техотдела, председатель цехкома ШЧ-6 Людмила Сидоренко, обещавшей после забега еще и чаепитие с вкуснейшей выпечкой, за что ей большая благодарность от всех работников.

На лыжную прогулку приехали работники с детьми и супругами. Самым старшим из лыжников был ветеран ШЧ, в прошлом электромеханик связи Владимир Косьяненко. Он в хорошей спортивной форме и ежегодно участвует в лыжных прогулках со своим родным коллективом. А детишки с большим удовольствием покатались не только на лыжах, но и на тобингах.

– Вековые сосны, хороший плотный снег, чистый воздух, отличная лыжня и оборудованные безопасные горки для малышей и взрослых – на этой базе отдыха все располагает провести время с пользой для здоровья и настроения. Лыжные прогулки давно стали доброй традицией у илецких железнодорожников, они не только пропагандируют здоровый образ жизни, но и способствуют сплочению коллектива, – отметила инженер ПТО Илецк, корпоративный блогер КТЖ Рамиля Нуржауова.

**Яна МАРЫНА, Илецк**  
*Фото Рамиль НУРЖАУОВОЙ*



В окрестностях базы «Старый город», что расположена в живописной местности, есть хорошо оборудованные лыжни и горки, все предусмотрено для семейного отдыха. В этом году зима капризничала – то заморозит, то оттепель, однако к первым числам февраля погода сложилась как раз лыжная – и снег хорош, и морозец легкий, и ветра нет. Беги да радуйся!

Вот и побежим, решили илецкие связисты и отправились в выходные на лыжню, пригласив и всех желающих – лес боль-



шой, места хватит. Возглавил лыжников директор Илецкой дистанции сигнализации и связи (ШЧ-6) Сансызбай Кадыргулов. Организацию отдыха полностью взяла на себя ведущий инженер

## ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ДЕМАЛЫС

**«Алабұға, ақ балық, қармағымды қап, балық» дегендей, ақпан айының алғашқы демалыс күнінде аймақ теміржолшылары бас қосып, балық аулауға тағы да Ақжайыққа аттанды.**



«Қазкөлiккәсiп» Орталық кеңесiнiң Атырау өңiрi бойынша өкiлдiгiнiң ұйымдастыруымен мұз астынан балық аулаудан жарыс өттi. Өкiлдiк төрағасы Боранбай Қамиевтің айтуынша, жарысқа барлық теміржол мекемелерінен 2 адамнан, қалаға жақын орналасқан станциялардан 1 адамнан

қатысуға шешім алынған. Бұл жолы да жарыс бес номинация бойынша: ең бірінші балық ұстаушы, ең көп балық ұстаушы, ең үлкен балық ұстаушы, ең тәжірибелі және ең жас балықшы номинациялары бойынша өтіп, жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар беріліп, қалған қатысушыларға ынтыландыру сыйлықтары табысталды.

Жарыс өте жоғары деңгейде, таза ауада әдемі әзіл, ойын-күлкімен, ең бастысы көтеріңкі көңіл-күймен өтті. Теміржолшылар қармағына іліккен шабақ балықтарды бір-біріне сыйлап, бір-біріне көмек көрсетіп, әңгіме-дүкен құрып жақсы демалыс өткізді. «Бұл біз үшін бір жақсы демалыс күні болды. Ашық аспан астында күнде кездесе бермейтін әріптестермен бас құрап, Жайыққа қармақ салып, балық ұстау рахатына бөлендік. Қатысушылардың қай-қайсысы да риза болды деп ойлаймын. Бізге үнемі жақсы шараларымен көңіл бөліп отыратын кәсіподаққа рахмет айтамыз» дейді жарысқа қатысушылардың бірі, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инженері Нұрлан Сұлтанғалиев.

**Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау**  
*Суретті түсірген автор*



**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**



**ҚАЗКӨЛІККӘСІП**

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі б.  
тел: 8 (7172) 60-44-87,  
60-44-88, 60-44-92

**Басылымның таралымы 11 415**  
Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

**Жауапты хатшы**  
Ерболат Тілеуберенов,  
тел.: +7 702 5795768

**Кезекші редакторлар:**  
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өңдеп басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
альынғп, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушанова 8-777-203-51-87

**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53

**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45

**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17

**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59

**Жамбыл:** Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20

**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 87025480092

**Қарағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76

**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00

**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61

**Газет басылтын қалалар:**

Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2,  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22,  
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.